Ереуіл атқа ер салып, Егеулі найза қолға алған

"МАХАМБЕТ - ӨМІРДЕГІ ҚАСІРЕТТІҢ СИНОНИМІ, ӨНЕРДЕГІ ҚАСИЕТТІҢ СИМВОЛЫ"

Зейнолла ҚАБДОЛОВ.

ИСАТАЙ, МАХАМБЕТКЕ СЕРІК БОЛҒАН БАТЫРЛАР

Ұлт-азаттық көтерілісінің басшылары Исатай мен Махамбеттің бейнелерін ашатын зерттеулер, әр түрлі жанрдағы әдеби шығармалар, мақалалар әз жазылған жоқ. Әйтсе де осы көтеріліске қатысушы басқа да батырлар кімдер? Олардың ерлігі, атқарған ісі қандай? Тағдыры не болды? Бұл күнде ұрпақтары бар ма? Міне, осындай көп сұрақтарға жауап іздеп ұзақ жыл жұмыстанғандықтан, жинақтаған мәліметтерімнің ең бастыларын жариялауға ұсынып отырмын.

Шаруалар көтерілісінің себеп-салдары 1823 жылы әкесі Бөкей хан тағына отырған Жәңгір, 1845 жылы қастандықпен өлтірілгенге дейін билік басында болды. Осы Жәңгірдің заманында қазақтың қонысын патша өкіметі одан сайын тарыла түсті. Еділдің жағасынан қалаларын салып, қазақты Еділден ығыстырды. Жайық бойынан бекіністер салған казак-орыстар, оны меншіктеді. Орыс балықшылары Каспий теңізінің жағалауын иемденді. Терістік жақтағы Қамыс-Самар даласының жақсы жерлерін орыстың қара шекпенділері алды. Қазаққа орталықтағы Нарынның құм, сорларынан басқа қоныс қалмады. Қазақ шаруалары мен тартып алушылардың арасында жанжал, қақтығыстардан кісі өлімі де болды. Осы кезде намысқой Махамбет:

Еділ үшін егеотік,
Жайық үшін жандастық,
Қиғаш үшін қырылдық.
Тептер үшін тебістік,
Теңдікті малды бермедік,
Теңдіксіз малға көнбедік,- деп арпалыс ортасында жүрген Жәңгір қазақты қорғай алмады, қорғау қолынан келмеді. Патша құйтырқылығының әсерінен хан елінен бөлектене бастады. Қасына ашынған елден сескеніп, күзетшілікке орыстан әскер алды. Шаруалар өздеріне аяушылықпен *қарайтын мейірімді старшындар Исатай мен Махамбетке қандары қорғалап келіп жылады. Исатай мен Махамбет* қалың бұқараның арыз-шағымын айту үшін хан алдына кезек-кезек барды. Хан тыңдағысы келмеді. Сонда қаны қайнап, қайсар Махамбет:

"Хан емессің қаскырсың,
Қас албасты басқырсың.
Достарың келіп табалап,
Дұшпаның сені басқа ұрсын!
Хан емессің ылаңсың,
Қара шұбар жылансың.
Хан емессің аянсың,
Айыр құйрық шаянсың"- деген.

Қазақ тарихында бірде-бір ақын хан алында тап осындай сөз сөмсерін қадаған емес-ті. Тек Махамбет қана айта алды. Одан әрі Орда да тұрудың жөні болмайды да Махамбет тағы да:

Он екі төбет шұнақ хан,
Шабатының ел екен,
Күндейтінің мен екем.
Хан ұлына қас болу,
Қара ұлына бас болу,
Мендей ерге жөн екен!- деп шығып кетканше көудесінен атқан оқтай көзі, миына шеге қаққандай сөзі хан мен қасындағыларды есеңгіретіп тастаған еді.

Патша өкіметі мен хан тарапынан жақсылық күтпеген Исатай мен Махамбет қара халыққа келіп: "Жәңгірді тақтан түсіріп басымызға көңілдік орнатамыз! Кәне, бізден бірге кім шығады?"- деп, атқа қонғанда өз ағайындарынан бастап атқа мініп қару қыларлық қауқары бар бозбалалардан еңкейген көрісіне дейін соңынан ерген еді. Осы туста Ығылман Шерекұлының "Исатай-Махамбет" дастанын алға тартқан жөн. Онда:

"Исатай менен Махамбет",...
Қасына ерген қарашы-
Алашада Ырсалы,
Ысықтағы Қабыланбай,
Есенгүл, Үбі, Таңатар,
Жау дегенде даяр боп,
Аттанып қосы жөнелген.
Есеңгелді, Қоскара,
Қолына ұстап көк найза,
Көкірегіне жел енген-десе,
Тағы бір жерінде
...Есенаман, Шекшекей,
Балуан Тәни қасында.
Алмағы, Тоғай, Ерсары,
Қожахмет, Қалдыбай,
Әскердің түсті алдын-ай!
Қамалға барып соқтығып,
Ойранды жауға салдың-ай"- деп, одан әрі жырлайды. Осы аталған және жинақтаған мәліметтегі батырларға жеке-жеке тоқталалық.

Исатай Тайманұлы – Көтерілісті ұйымдастырған көрнекті қайраткер. Бастан аяғына дейін басқарған батыр. Жайық-Беріш, Ағатай (Берішке ұран болған батыр) аталығынан шыққан ол, өзімен бірге туғандары Әлібай, Тілебай, Нысанбай, өз балалары Жақия, Ақай, Оспан, Досмағамбет. Ал Исатайдың Ақайы Тастөбеде, Оспаны және өзі Ақбұлақтағы ұрыста қаза болған.

Жақия Исатайұлы - Махамбет: "...Баласы Исатайдың Жақияды,
Жақия жауды көрсе ақияды",- деп, жырға қосқан.

Жақия 1837 жылдың 24 желтоқсанда қолға түсіп, 1838 жылдың тамыз айында әскери сотпен 250 солдаттың арасынан дүрелеп үш рет жүргізеді де Иркутск жағына мәңгілік жер аударады. Одан кейінгі тағдыры белгісіз. Жақияның қазіргі ұрпағы Ғазиз – одан жалғыз Шахмет деген бір бала қалғанын айтты. Бір аталық бойынша әзін былай тізбектеп, Жақия-Шахмет-Жұмаш-Ғазиз-Төлеген-Думан бойлап жалғасып жатырмыз, - деді. Қазір Ғазиз Атырауда тұрады.

Есеңгелді Жаңғабылұлы – осы көтеріліске бастан-аяқ қатысқан, айтулы батырдың бірі. Зерттеу еңбектерде оның іс-қимылы жиі айтылған. Ол Ақбұлақтағы ақырғы ұрыста Махамбеттермен бірге күші төрт есе басым жауларымен арпалысып, атына оқ тиген Исатайды үш рет қоршаудан шығарысады.

Қоскара Үртіқұлы - (Шежіреде Үрпік) Қалмақтың батыр қызы Қызғалдақтан туған. Қанды жорықтарда жауларының ортасына жасқанбай кіріп, талай рет ерлік көрсеткен. Ерлігі дастанға да енген. Ұрпағын атасан, Қоскара-Сүйінішәлі-Шортанғали-Нұрғожа, Ергожа болып келеді.

Махамбет Өтемісұлы – елінің ортасынан шыққан ақ берен батыры, дуалы ауыз биі, арқалы да семсер тілді ақын-жыршысы, дәулескер күйші-сазгері, қыскасы ешкім қатарласа алмайтын сегіз қырлы бір сырлы жігіттің сұлтаны, бөік те тұғырлы тұлға. Ол Жайық-Беріштің Тумаш аталығынан.

"Өтемістен туған он едік,
Онымыз атқа мінгенде,
Жер қайысқан қол едік..."- деп, Махамбеттің өзі айтқандай, өзінен бастап бірге туған Бекмұхамбет, Қожахмет, Ахмет, Ыбырайым, Сүлеймен, Хасен, Есмайыл, Досмайыл, үлкен ағасының баласы Салық Тоқтамысұлы (Махамбет аталмыш өлеңінде осы онды айтқан. 40-ты орталап өмірден өзған Тоқтамыс пен 16 жаста қайтыс болған Әйілті қоспаған). Махамбеттен – Махмұт, Нұрсұлтан, Қансұлу. Махмұттан – Жанбике, Нұрбике. Нұрсұлтаннан – Сауғабай, одан Мырзалы, Шекір делінеді. Соңғы екеуі Башқұрт еліне өтіп кеткен, ұрпақтары сол жақта болу керек. Оларды іздестіріп, сұрастырып тауып алатын жоқтаушысы табылмай тұрғаны өкінішті.

Қожахмет Өтемісұлы – ол ауызы дуалы шешен, беделді адам болған. Көтерілісте 100-дік, 1000-дықты басқарған батыр. Елдің "Қол Қожахметтікі, Атақ Махамбеттікі" дейтіні де содан. Исатайдың оқ қағары болған ол, Ақбұлақтағы Исатай қаза табатын ұрыста, оны қорғаймын деп, ең аяғына дейін қару жұмсап, қолға түскен. Әскери сот оны 500 солдатқа екі реттен шыбық соқтырып, Ригаға сегіз жылға жер аударуға үкім еткен. Қазіргі ұрпақтары Батыс Қазақстан облысы мен Атырау облысында тұрады.

Қалдыбай Қосаяқұлы – Сары Ысық руынан, одан - Қара Ораз-Пұсырман-Тілеуке-Қосаяқ-Қалдыбай болып тарайды. Қалдыбай да аты өйгілі батыр. Сегіз сері:

"Таңатар мен Қабыланбай,
Есмағұл мерген - үшеуі,
Қалдыбай ақ пен қарасы.
...Үшеуінің сұрасаң,
Қосаяқ батыр бабасы,
Жолдас болған Сыраймен,
Кезінде елдің данасы..." деген.

Қалдыбай осы көтеріліске балалары Қабыланбай, Иманбай, Таңатар, Бекайдар, Есмағұл, Есмайыл, Уәли, Ғайнижамал, Иманәлі, Сабалақ, Қали, Көпсек деген 12 баласын бастап келген. Оларға осы Ысық руынан Бекет, Ертай (Исатайға атқосшы болған), Бекей, Қадыркулдар (өкелерінің аты аталмаған) жиырма сегіз кісіні қаруымен қосып, бүгінгі Текеге жөнелтуді мақұл көрдім" (Шахматов 195-б.), кейін әскери сотта Қабыланбайды 500 солдатқа үш реттен шыбық соқтырып, одан соң Сібірге жіберуге үкім етеді – деген. Осы сапарының бірінде амалын тапқан ол, айдаушыларды қонып жатқан жерінде қарусыздандырып, өрі жауға қалдырып, қасындағы жолдастарымен аттарын міндіріп, қалғанын қуып, құтылып кетеді. Сөйтіп, көтерілісшілерге қайта қосылады. Жайықтан өткенде де бірге болады. Көтеріліс жеңілгенмен кейін, жауынгер жолдастарын жерлеу үшін ұрыс даласына қайтып келген. Аңдыған жаулары осы жерде тағы қамайды. Қырсық қылданда аты батырдың содағын (тағы бір ақсақалдар "найзасын" дейді) басып сындырған екен. Сонда да жауларынан қаймықпай үзеңгісін қару етіп, айқасады. Алдыртпасын білген жендеттер оны тор тастап ұстаған. Бәрі жабылып қол-аяғына арнайы соғылған шынжырлы кісен-бұтау салған. Текеге апарған соң, бір көзін ойып алып, азаптап өлтірген дейді. Айтмағамбет өз жырында бабасы жайлы:

Қанды кек, содан қалған қамнен қайнап,
Шынжырмен Қабыланбайды алды байлап,
Қосылып Исатайға соғыстың деп,
Жіберді жиырма бес жыл Сібірге айдап – деген.

Әйтсе де, осы қарсылығы 25 жылдың орнына жендеттердің ұясын тұғызып, азаптауына себепші болса керек. Қабыланбайдан төрт ұл қалған. Оның кенжесі Лұқпан. Ол заманында "Сар жорға" аталған беделді де шешен адам болған. Одан алты ұл, екі қыз. Оның Қуанышынан - үш ұл, бір қыз, оның Айтмағамбеті (1902-1969) айтулы ақын болған, одан – Сәлімгерей, Сөкен.

Ғайнижамал (Ғайни) Қалдыбайқызы - өкесі оны жорықтарға ертпісі келмеген. Әйтсе де ежет қыздың ерлігі ағаларымен жорықтарға шыққан кезде жиі байқалған. Мына бір қайғылы оқиға ауылда өке-ағаларының жоқ кезінде болған. Сұлтан Баймағамбет Айшуақов пен Орал казак әскерінің атаманы, генерал Д.Бородин бастаған жазалаулар келіп, Қалдыбай ауылының жылқы мен түйесін қуып қыр аса берген гой. Бұған ауылдағы өжет те батыр қыз ақ боз атқа міне шауып малдың алдын зырылдауықпен үркітіп, кейін қуа жөнелген. Осы кезде отряд басшысы тұтқындаңдар деп солдаттарына бұйрық береді. Сонда Ғани өзін қоршап ұстамақ болғандарға қарсы ұмтылып, қолындағы ұклі найзасымен тертеуін бірінен кейін бірін найзағайдай шапшаңдықпен түйрел аттарынан ұшырады да коршауынан шығып кетеді. Ұстатпауға айналған Ғайниді бір солдат, Баймағамбеттің бұйрығымен атқанда үстіндегі сауыты жоқ ол, оққа ұшады. Аттан құлаған батырдың кім екенін білуге келген жауыз жендеттер оның жайылған шашынан қыз екенін біліп, оның қайратына таң қалыпты. Сегіз серідей айтулы азаматтың жүрегіне от салып, іңкәрлігін оятқан – дейді Т.Сүлейменов өзінің "Сегіз сері" кітабында. Сері сүйген жарына арнап, бүгінде халықтың өні дел аталатын "Ғайни" өнін шығарған. Кешегі Ұлы Отан соғысында аса ерлік көрсеткен батыр қыз Әлия Молдағұлқызы осы Ғайнидің туыстас сінлісі.

Нәдір Қашқынұлы – көтеріліске дейін старшын болған. Ол Жайық-Беріштің тұлпы аталығынан (ол қалмақтармен болған шайқаншылықта қаза болып, оның жесір екі әйелі мен балаларын ағасы Көтей Есиазрұлы қолына алып өсіргендіктен, өздерін Көтей аталығынанбыз,- деп те айтады) Нәдір өзінен бастап ағалары Хамит, Есенаман, інілері Шеге, Шекшекей, Баянас, Арынғазы болып тұлпы қатысқан. Шолан тауында Өтеміс ауылымен қоныстас болып, балаларымен ойнап, ат құлағын тартып міндіп, ер жеткен замандастар көрінеді. Көтеріліс кезінде Махамбеттің басшылығымен ел арасындағы жайылым, қыстау мәселелеріндегі айтыс-тартыс, дау шешілді. Жауға келген шаруаларға ат, киім, тамақ, қару-жарақ беру оларды қосынға біріктіріп, белгілі бір іс атқаруды ұйымдастырады. Оған ер рудан жиналған, көтеріліс барысында ысылып, жетілген Нәдір Қашқынұлы, Тәни Тумекұлы, Қабыланбай Қалдыбайұлы, Ырсалы Көсепұлы, Жосахан Жәнібекұлы, Тіңгелі Тайсойғанұлы, т.б. көмектеседі.

Тіңгелі Тайсойғанұлы – бұрын старшын болған беделді адамның бірі. Аталмыш зерттеу кітабында аты жиі кездеседі. Көтеріліс кезінде 100-дік аталмыш-тан. Тіңгелі де өзінен бастап, бірге туған інісі Қамбар, аталастары Қозыбай, Шалгилбай, Танай Есжарұлдары, ағайындары Имаш палуан, Күнжарық, Өтжелбайұлдары, Жарылғас аталмышынан Ырсалы Көсепұлы, Тәни Тумекұлы, Құттығай аталығынан басқарған Мәшайұлы, Тұрымтай аталығынан Телеген Серекұлы, оның баласы Есет, Есалі Шоңайұлы, Шынғатар істежбайұлы, т.б. үгітпен ерткен аузы дуалы адам болған. Тіңгелі мен Тәниді бір адам деп қате жазып жүрілгенін осы мәліметтен біле аласыз. Бұлардың бәрі де жүрек жұтқан батырлар. Жауларының жақсы қаруланғанына, сан жағынан үш-төрт есе басымдығына қарамаған. "Ағатай"-лап жауға тигенде жолындағыларды бәрі тиген қойдай беліп, шапқан шөптей жапырған. Көптің аты көп, ал зеңбірекке не шара?! Бұлардың мықтылығын подполковник Гекенің өзі мойындаған. Көтерілісшілердің 500-дей қолы атқа берік отыратын, өрі қолма-қол шайқаста найзагер, қылыштасуға шеберлігінен тауы қайтып заре-құты қалмаған өз әскерінің қатары бытырап, жан-жақта қашқанын масқара болып, жеңілу қаупі туғанын, одан тек екі зеңбіректен атқан оқ қорғап қалғанын губернатор алдында айтқаны мұрағат негізінде расталған. Бірде Махамбет пен Тіңгелі тобында екеуінің туыстастары бар 20 шақты адам есаул Истоминнің 300-ден астам әскеріне кездесуге берілмей, қаша жүріп күш көрсетеді. Батырларды тірілей ұстамақ болып жақындап келгендерді, бұлардың атқа теріс қарап отырып алып атқан оғынан жарақат алып, қатарлары сиреп берген. Ал олар атпақшы болғанда Махамбет бұлқыты көпшіліктің астынан суырып алып жарады да олардың бетіне қарап құстың майығын бұрқырата шашады. Сөйтіп, олар бір-біріне соғысып, қуды бәсендетканде, бұлар аттарына жалма-жан оң отырып, құтылып кеткен.

Тәни Тумекұлы атақты палуан, Ырсалымен аталас. Ол Жәңгір ханның арқасы жерге тимеген атақты палуаны Құдуарды жыққан. Көтеріліс алдында өз басыларының жөнсіз істеріне көңбегендігі үшін абақтыға жабылған. Одан босанғанған кейін көтерілісшілерге қосылып, бисұлтандардан қарымта қайырып, шайқастар кезінде бірден көзге түседі. Ол көтеріліске бастан-аяқ қатыса жүріп, екі рет тұтқындалған. Үшінші рет 1845 жылы ұсталып, сотталған. Одан кейінгі тағдыры белгісіз.

Ырсалы Көсепұлы – аталмыш дастанда аты аталған батыр. Зерттеу еңбекте де аты жиі айтылады. Ол Дастанда "Алашада Ырсалы"- деп қате берілген, шындығы жоғарыда айтқандай Жайық-Беріш, Жарылғас аталығынан. Ол Тастөбедегі ұрыста зеңбірек оғынан мерт болған.

Басқара Мошайұлы – Шежіреде ұрпақтарының айтуы бойынша ел намысын қорғаған батыр – деп көрсетілген. Мыңтөбеде Исатай ауылдарымен қанаттас отырған. Үстем тап өкілдерінің қиянатына намыстанып қарсылық көрсетіп жүрген ол, көтеріліске ұйымдасқанда бірден қосылып белсенді түрде ерлік көрсеткен. Басқарадан – Сарсенбі, одан – Мырзағали, одан – Төлепберген, одан - Әлтай, т.б.

Қорыта айтқанда, үстем тап өкілдеріне ғана емес, бұл күрес ұлт-азаттық, көтеріліс ретінде Батыс Қазақстанның бүкіл аймағын дүрліктірген қозғалыс болды. Қайран Махамбет:

"Еділдің бойы ен тоғай,
Ел қондырсам деп едім.
Жағалай жатқан сол елге,
Мал толтырсам деп едім..." деп армандаумен өтті. Осы күреске құрбан болған, бірі қалса да қуғынға ұшырап шетелге өтуге мәжбүр болған. Елде жүрсе де талай азапты күндерді басынан өткізген ата-бабаларымыздың есімдері қашанда құрметпен аталары хақ. Біздің жүрегімізде мәңгілік орын алады. Рухына тағзым етіп басымызды иеміз.

Мәжит МҰХТАРОВ.